

**Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының
(спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне
олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және
мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу**

Мемлекеттік орган	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру комитеті
Қызметті алушылар	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ - <i>ҚР бойынша экстерриториалды (Мемлекеттік корпорацияның кез-келген бөлімшесінде (ХҚКО))</i> ; 2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	5 (бес) жұмыс күні ішінде. Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	Мемлекеттік корпорацияға: 1) көрсетілетін қызметті алушының өкілі (сенім білдірілген өкіл) жүгінген кезде - көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) нотариус куәландырған сенімхат (сенім білдірілген өкіл) (сәйкестендіру үшін); 2) осы Стандарттың <u>қосымшасына</u> сәйкес нысан бойынша өтемақы төлемдерін жүзеге асыру үшін өтініш; 3) тиісті халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанын растайтын құжат; 4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спорттық медицина және оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген, халықаралық спорттық жарыста алған жарақат және мертігуі бойынша диагнозы көрсетілген медициналық қорытынды; 5) міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі тегін медициналық көмектің және (немесе) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс спорттық жарақат алған және мертіккен адамды емдеуге және (немесе) оңалтуға жұмсалған шығындардың құнын растайтын құжат; порталға: 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) электрондық құжат нысанында тиісті халықаралық спорттық жарыстарға қатысқанын растайтын құжат; 3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спорттық медицина және оңалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны берген, халықаралық спорттық жарыста

алған жарақат және мертігуі бойынша диагнозы көрсетілген құжаттың электрондық көшірмесі нысанындағы медициналық қорытынды;

4) міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде тегін медициналық көмектің және (немесе) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс спорттық жарақат алған және мертіккен адамды емдеуге және (немесе) оңалтуға жұмсалған шығындардың құнын растайтын құжаттың электрондық нысанындағы құжат..

Қызмет көрсету нәтижесі

Көрсетілетін қызметті алушыға өтемақы төлеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020726>